



Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№52 (1842) Жұма, 27-желтоқсан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСЫМ БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Санкт-Петербург қаласына жұмыс сапарымен келген Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Іс-шараға Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Кездесу барысында ТМД аясындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективасы және Ұйым қызметінің басым бағыттары талқыланды.

www.akorda.kz



ЖЕДЕЛХАТ АҚТАУДАҒЫ ҰШАҚ АПАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке Маңғыстау облысында Өзербайжанның әуе жолдары ұшағы апатқа ұшырап, экипаж мүшелері мен жолаушылардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

– Орны толмас ауыр қайғыға ортақтаса отырып, Сізге, қаза тапқан азаматтардың туған туыстарына және барша Өзербайжан халқына көңіл айтамын. Менің тапсырмаммен Қазақстан Үкіметі мемлекеттік комиссия құрды. Комиссия құтқару операциясы аясында тиісті шаралар қабылдап, Өзербайжан тарапына қажетті көмек көрсетеді, – делінген жеделхатта.

Еске салсақ, Өзербайжан елордасы Бакуден Ресейдің Грозный қаласына бағыт алған әуе кемесі Қазақстан аумағында апатқа ұшырады. Апат орнынан 29 адам облыстың медициналық мекемелеріне жеткізілгені хабарланған. Олардың 27-сі Маңғыстау облыстық ауруханасына түскен. Қазақстан денсаулық сақтау министрлігі 27 адамның 11-інің жағдайы ауыр, қазір олар жансақтау бөлімінде жатыр деп хабарлады. Сонымен қатар облыстық балалар ауруханасына 11 және 16 жастағы екі бала жеткізілді. Екеуіне де ота жасау жоспарланғаны мәлім болған. Соңғы мәліметтерге қарағанда, Маңғыстау облысындағы ұшақ апатынан 38 адам қаза тапты.

Ақтаудағы әуе апатынан мерт болған қазақстандықтар анықталды. Осы ұшақ апатынан қаза тапқан қазақстандықтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетіледі.

ПРЕЗИДЕНТСКАЯ ЕЛКА ВОЛШЕБНЫЙ ПРАЗДНИК ДЛЯ ЮНЫХ ЖЕТЫСУСЦЕВ



Детская новогодняя елка «Добро пожаловать, Новый год!» прошла в областном центре – городе Талдыкоргане. На праздник от имени Главы государства были приглашены 200 юных жетысусцев. Это отличники учебы, школьники, добившиеся творческих достижений и спортивных побед, дети, оставшиеся без попечения родителей, из малообеспеченных и многодетных семей.

На мероприятии присутствовал и аким области Жетісу Бейбіт Исабаев. Он поздравил маленьких граждан от имени Президента страны.

– Дети всей республики с нетерпением ждут Президентскую елку, и вот этот час настал. Сегодня на нашу елку приглашены самые талантливые и активные ученики

нашего региона. Вы все в течение года получали хорошие оценки, были лучшими у себя в школах, побеждали в различных конкурсах и соревнованиях. Знания – это первая ступенька успеха, и в нашей стране созданы все условия для получения качественного своевременного образования. От всей души поздравляю вас с Новым годом, желаю вам крепкого здоровья, больших успехов в учебе и пусть исполняются ваши сокровенные желания! – отметил глава области и вручил детям подарки – поздравительные открытки, планшеты, рюкзаки и новогодние кульки со сладостями.

В ответном слове учащиеся средней школы-гимназии №16 города Талдыкоргана Людмила Ким и Абилмансур Сакен поблагодарили за оказанную честь присутствовать на самом волшебном и сказочном празднике.

– Я отличник учебы, обладатель призовых мест в конкурсах «Алтын сақа», «Ақ бота», «Кенгуру». Очень

рад, что участвую в таком замечательном мероприятии. Пусть Новый год принесет всем удачу и успех! – сказал в частности четвероклассник и «казахский батыр» Абилмансур Сакен.

В ходе праздника для детей было организовано красочное шоу-представление и развлекательная программа с участием артистов и известных героев из мультфильмов. К слову, вместе с ними глава региона участвовал в зажигании новогодней елки и праздничном хороводе. Был представлен и специальный видеоролик о достижениях области в сфере образования за 2024 год.

Мероприятие продолжилось театрализованным представлением, конкурсами, веселыми песнями и танцами вместе с главными героями Нового года – Дедом Морозом и Снегурочкой.

Своими радостными и искренними эмоциями поделились и гости областного центра.

– Был рад выехать за пределы своего района, посетить центр области, побывать на самой главной елке. Здесь очень красочно, весело и интересно. В целом этот праздник мне нравится новогодним столом, радостным салютом и тем, что всю ночь можно не спать, проводя время со своими родными. Пусть в новом году все будут счастливы и здоровы! – поделился 11-летний Иван Суцевский, приехавший из города Ушарал Алакольского района. Он также пожелал здоровья и долголетия своей бабушке, воспитывающей его с братом.

А вот для Жанботы Толеген, ученице 5 класса средней школы села Капал Аксуского района, Новый год – не просто веселый праздник, а очень даже серьезный, ведь это, по ее мнению, еще один шаг к росту, взрослению и движению вперед. Она – старшая в семье из трех детей, отсюда, видимо, ее серьезность и ответственность.

В завершение праздничного мероприятия дети попробовали приготовленные для них различные угощения и сладости.

Алма УРАЗАЕВА
Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ЖЕДЕЛ КӨМЕК

2024 жылғы су тасқыны елімізде соңғы 80 жылда орын алған ең ірі су тасқыны болды. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, апат салдарынан қираған инфрақұрылым ауқымды қалпына келтіру жұмыстарын қажет етті. Алайда, мемлекеттік құрылымдар, гуманитарлық ұйымдар мен жеке сектор арасындағы нақты үйлестіру мен үйлестірілген жұмыс нәтижесінде Үкімет апаттың салдарын барынша азайтып, зардап шеккендерге жедел көмек көрсете алды.

Үкімет тарапынан 2024 жылғы су тасқыны салдарынан мүлкі зақымданған азаматтарға жан-жақты көмек көрсетілді. Өңірлерде тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар және инфрақұрылым салу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Мәселен, 36 455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21 876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді. Биыл төтенше жағдай жарияланған су басқан аймақтарда атаулы әлеуметтік көмек төлеу отбасылардың материалдық жағдайын жергілікті комиссияның тексеруінсіз ав-

томатты түрде III тоқсанға ұзартылды. Мұндай шешім нәтижесінде 3,6 мың отбасына 655,7 млн теңге көлеміндегі АЭК төлемі тағайындалды.

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19 359 су басқан үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5 767 тұрғын үй сатып алынды. Жөндеу жұмыстары 9 156 үйде 100% аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге халық үшін 2 680 жеке тұрғын үй салынды.

Биыл Үкімет резервінен 42,5 млрд теңге бөлінді. Оның 400 млн теңгесі зардап шеккен отбасыларға Қостанай облысының Арқалық қаласынан 31 пәтер сатып алуға бағытталды. 1,4 млрд теңге – Қостанай облысының Арқалық қаласындағы, Амангелді және Жангелді аудандарындағы «Қостанайжэлектросервис» КМК электр желілерін қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуге; 1,1 млрд теңге – Батыс Қазақстан облысындағы жоғары вольтты электр желілерін күрделі жөндеуге; 22,7 млрд теңге – Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП
ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК



13,3 млрд теңге сомасына 36,4 мыңнан астам отбасы

100 АЕК мөлшерінде біржолғы
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛДЫ



150 АЕК
МӨЛШЕРІНДЕ ӨТЕМАҚЫ



9,9 млрд теңге сомасында 21,8 мыңнан астам отбасына төленді

3,6 мың отбасына 655,7 млн
теңге көлемінде АЭК тағайындалды

жол инфрақұрылымын қалпына келтіруге жұмсалды.

Толығырақ www.taldykorgan-online.kz
желілік басылымында

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

АРХИВ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Тарих қойнауына тереңген енген әрбір ғасырдың, әрбір кезеңнің өзіндік маңызы мен ерекшеліктері, айқындалатын айтулы оқиғалары, жылнамалары бар. Осы ретте архив ісіне жүктелемін жауапкершілік орасан зор. Архив – тарихи шежіре қоймасы ғана емес, әрбір ұлт тарихының қазынасы. Архив қызметкерлері – тарихымыздың тамыры, құнды құжаттардың шын жанашырлары.



Талдықорған қаласындағы Дөнеш Рақышев атындағы филармониясының ғимаратында архив саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты шара ұйымдастырылды. Шараға облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма өкілдері, жеке тектік қор иелері, мемлекеттік архивтің ардагерлері, мемлекеттік архивтің қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтау сөзінде:

– Архив – адамзаттың дүниетанымы мен өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың ұлттық дәрежесінің қалыптасуында негізгі рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №874 қаулысымен мерекелік күндер күнтізбесіне «22 желтоқсан - Архившілер күні» болып енді. 1998 жылы дәл осы күні елімізде тұңғыш рет Ұлттық архив қоры жайлы Заң қабылданған болатын. Архив саласында кәсіби мерекесінің белгіленуі архивист мамандардың мерейін өсіре түсті. Архив қызметкерлері – тарихымыздың тамыры, құнды құжаттардың шын жанашырлары, - деп, мерекенің маңызын атап өтті.

Архив қызметкерлерінің мәртебесін асырған салтанатты сәтте архив қызметкерлеріне және архив саласына еңбегі сіңген ардагерлерге Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Архив саласының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Осы салада жемісті жұмыс жасап жүрген қызметкерлер Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасы, Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасы, Алғыс хатқа ие болды.

Сондай-ақ, «Үздік филиал», «Үздік қойма меңгерушісі», «Үздік архивист», «Үлгілі қызметкер» номинациясы иегерлеріне сертификат және статуетка табысталды.

Архив саласының ардагері Рахима Мукашева әріптестерін төл мерекемен құттықтап, абыройлы еңбектеріне толағай табыс, амандық пен денсаулық тіледі. Шара соны облыс өнерпаздарының концертіне ұласты.

Данагүл МӘКЕН

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындар негізінен мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алу, денсаулық сақтау мәселелері бойынша жүгінді.

Облыс әкімінің қабылдауына кіргендердің дені – баспана кезегінде тұрған азаматтар. Олардың үй алуға қатысты сұрақтарына байланысты тұрғын үй заң аясында кезек ретімен берілетіні, «Отбасы банк» АҚ арқылы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері түсіндірілді.

Сонымен қатар, мүгедектік тобын өзгертуге қатысты екі азаматтың қосымша сауалдарына орай олардың денсаулық жағдайын комиссиялар түрде қайта қарау облыстық денсаулық сақтау басқармасына тапсырылды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Жетісу облысында ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай сала мамандарына құрмет көрсетілді.

Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты жиын барысында фойеге ауыл шаруашылығы көрмесі қойылып, әр аудан-қаланың жетістіктері паш етілді. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев алдымен аталған көрмені аралап көрді. Мұнан соң жиында құттықтау сөз сөйлеп, атаулы мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қатысуымен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өткізілгенін, оған облысымыздан 40-тан аса ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысқанын атап өтті.

Бұдан әрі өңір басшысы сала мамандарын марапаттап, бірқатар жетісулықтарға «Еңбек ардагері» медалін, ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатын, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ дәстүрлі түрде өтетін «Үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері» номинациясының жеңімпаздарын марапаттады. Атап айтқанда, шаруа қожалықтары арасынан Ақсу ауданындағы «Қыдырәлі» шаруа қожалығының басшысы Төлеген Махашевқа, заңды тұлғалардан Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігінің басшысы Александр Хильниченкоға 1-ші дәрежелі диплом мен Трактор сыйға тартылса, «Ақсу қант зауыты» ЖШС басшысы Самат Надирбаевқа 1-ші дәрежелі диплом мен 700 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық тапсырылды. Сол сияқты талдықорғандық «Жер Ана» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі, сарқандық «Сайранбек Агро» ЖШС, Қаратал ауданынан «Ерғазин», Алакөл ауданынан «Самет Агро», Кербұлақ ауданынан «Дәурен» шаруа қожалықтары, Панфилов ауданындағы «Жаркент Крахмал-сіре зауыты» ЖШС, Көксу ауданындағы «Көксу Компани» ЖШС-ның еңбектері аталып өтіліп, арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Атап өтсек, осы күні Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жәрмеңкесі өтті. Оған облыстың 2 қаласы мен 8 ауданынан 18 түрлі азық-түлік өнімдері әкелініп, саудаланды. Атап айтқанда, 90 тонна ауыл шаруашылығы өнімі, соның ішінде ет, балық, сүт өнімдері, картоп, көкөніс өнімдері, жеміс-жидектер т.б. бар.

57 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жетісу облысында әлеуметтік осал топтар санатындағы 57 отбасы баспаналы болды. Атап айтқанда, Талдықорғанда 37 жаңа пәтердің, Сарқан қаласында 20 жеке тұрғын үйдің кілттері тапсырылды.



Осы күні жаңа үйге ие болғандар қатарында жетім балалар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, көп балалы аналар, толық емес отбасылар, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер бар.

Жалпы Жетісу облысында биыл тұрғын үй құрылысына 7,6 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаржы 56 көпқабатты және 214 жеке тұрғын үй салуға бағытталды. Бұдан бөлек, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 866 пәтер сатып алынды, оған 15,9 млрд. теңге бөлінді.

ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫНА 600 МЫҢДАЙ ТОННА ӨНІМ ӨТКІЗІЛДІ

Жетісу облысында биыл қант қызылшасынан рекордтық өнім алынып, 635 мың тонна қант қызылшасы жиналды. Бүгінгі күнге соның 600 мыңдай тоннасы Ақсу, Көксу қант зауыттарына өткізілді. Қос кәсіпорында қабылдау жұмыстары жалғасуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірдегі ұсақ шаруашылықтар өз өнімдерін зауыттарға өткізуді аяқтаған.

– Облыстағы ұсақ шаруашылықтар өнімдерін қант зауыттарына өңдеуге өткізіп болды. Бүгінгі күнге тек 12 ірі шаруашылық қалды, олар өз көліктерімен және көлік жалдап, өнімдерін тасымалдап жатыр. Жалпы облыс бойынша бүгінге дейін өткізілген өнімнің ластығы 7,6% болған, қар жауғаннан кейінгі екі күнде бұл көрсеткіш 11,2% көлемінде тұр. Жалпы биылғы жылы қант қызылшасынан 635 мың тонна өнім алдық. Біз тұқым сибуден өнімді жинап, өткізуге дейінгі барлық процесте шаруашылықтарға қажетті қолдау көрсетіп келеміз, - деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Ақсу қант зауыты бүгінге дейін 340 мыңнан астам, ал Көксу зауыты 254 мың тонна өнім қабылдаған. Екі кәсіпорында да қабылдау әлі де жалғасып жатыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО

«ГДЕ ЗАКОНЫ РАБОТАЮТ, ТАМ ЕСТЬ ПРОГРЕСС»



Аким области Жетісу Бейбіт Исабаев провел на этой неделе встречу с населением города Талдықорғана. Он остановился на результатах социально-экономического развития областного центра по итогам II месяца и поделился планами на будущее.

улицам перенесена на следующий год, что создает значительные неудобства для жителей города.

«Также актуальной остается проблема канализационных люков, которые расположены выше либо ниже асфальтового покрытия. Из-за некачественно проведенных работ люки проседают и образуются ямы, что также создает постоянные неудобства для горожан. В этой связи поручаю

акиму города взять на особый контроль работы по восстановлению асфальтового покрытия и качественной установки люков», - отметил глава региона.

Наиболее чувствительным в областном центре продолжает оставаться жилищный вопрос. Сегодня в очереди на жилье состоят более 15 тысяч человек. В этом году квартирами обеспечены 1283 семьи, и очередь снизилась на 8,3%.

«За 2023-2025 годы около 5 тысяч очередников будут обеспечены жильем. В то же время с 2015 года не ведутся работы по строительству 4 домов АО «Байтерек Девелопмент», с 2022 года простаивают еще 4 дома ТОО «Лидер НК», которые портят облик города», - сообщил Бейбит Исабаев, поручив акиму города принять конкретные меры по завершению строительства данных домов либо найти новых подрядчиков.

С учетом застройки города одной из наиболее актуальных задач, по мнению спикера, является обеспечение бесперебойным теплоснабжением. Большую часть города централизованным теплоснабжением обеспечивает котельная «Баскуат», которая работает в круглогодичном режиме и загружена до 90%. Поэтому принимаются всесторонние меры по снижению данной нагрузки: запланировано строительство котельной и газотурбинной станции, реконструкция основных магистральных тепловых сетей.

Аким области остановился и на эстетическом облике города, его благоустройстве, строительстве новых объектов в социальной сфере – образовании, здравоохранении, культуре и спорте.

«В целом, на строительство, реконструкцию и проектные работы инфраструктурных, социальных объектов города в 2022-2024 годах из областного бюджета выделено 101,5 млрд тенге. Но из-за неправильно организованной работы за последние три месяца в бюджет возвращено 5,7 млрд тенге, тогда как на эти средства можно было бы реализовать и другие социально значимые проекты области. Прошу принять во внимание вышеуказанные недостатки и в дальнейшем систематизировать работу, обеспечить качественную реализацию запланированных проектов и своевременное освоение выделенных средств», - поручил Бейбит Исабаев.

Наряду с этим попросил уделить особое внимание крупным и важным проектам, строительство которых начнется в следующем году, среди которых: школа на 1200 мест (4 млрд тенге), онкологический центр (30 млрд тенге), реабилитационный центр для инвалидов на 150 мест (8,6 млрд тен-



ге), котельная мощностью 49 Гкал (11 млрд тенге), газотурбинная станция за счет частных инвестиций (27 млрд тенге), реконструкции здания поликлиники на 500 посещений (11 млрд тенге) и сейсмоусилению с восстановительными работами областной детской больницы (3,2 млрд тенге).

«Подводя итоги встречи, я хочу обозначить основные направления развития города. Первое - безопасный город. Это установка 585 камер для обеспечения общественного порядка и 136 камер Сергек для дорожной безопасности. Второе - комфортный для проживания город. Это обеспечение жителей города жильем, теплом, электричеством, водой, газом, качественными дорогами, строительством больниц, школ, объектов культуры и спорта. Третье - красивый и зеленый город. Это устройство дворовых и Workout площадок, парков, скверов, освещение улиц, ремонт фасадов и крыш многоэтажных домов. Заместителям акима области совместно с акимом города и соответствующими управлениями обеспечить темпы социально-экономического развития города Талдықорғана, своевременно освоить выделенные средства и принять меры по вводу объектов в установленные сроки», - подчеркнул Бейбит Исабаев.

Еще одной важной задачей, требующей особого внимания, является организация личного приема населения. По словам акима области, должностные лица городского акимата не рассматривают личные вопросы жителей на должном уровне. Поэтому гражданам приходится записываться на прием к акиму области, тогда как поднимаемые ими вопросы находятся в компетенции акимата города. В связи с этим глава региона поручил отойти от формального подхода к обращениям населения и качественно организовывать личные приемы.

В завершение доклада спикер отметил, что решены 26 из 36 вопросов, поднятых горожанами на прошлой неделе встрече с акимом области. По оставшимся 10 вопросам работа продолжается.

В последующие два часа главе региона было задано порядка 60 вопросов.

Примечательно, что на данной встрече только один человек (многодетная мама, воспитывающая 7 детей) обратился с жилищным вопросом. Верится, что жители начали понимать, что проси-не проси, а жилье ты получишь только в порядке очередности и в рамках законности.

Горожан больше волновали вопросы касательно жилищно-коммунальной сферы, развития дорожной инфраструктуры, благоустройства, обеспечения безопасности. К слову, введение канализационных и водопроводных сетей в Жастар-1, ремонт и покрытие дорог в Жастар-2, микрорайоне «Восточный», по улице Рустембекова,

возведение детской игровой зоны на 9 площадке, создание опорного пункта полиции в новом 9 микрорайоне, строительство здания для профессионального занятия художественной гимнастикой уже введены в план развития города следующего года. Проекты готовы, средства выделены.

Свою солидарность с горожанами аким области выразил в вопросах необходимости карты локаций дорожных знаков и наименований улиц в новых микрорайонах, устранения незаконной торговли в центре города и создания оптового рынка за городом. В частности, поблагодарил акима города за принципиальную позицию в отношении стихийной торговли. Отметил, что работа в этом направлении продолжится, остальными займется уполномоченные на то органы.

В ходе встречи люди с особыми потребностями, выступая, подчеркнули, что в течение двух лет большое внимание уделено созданию доступной среды для инвалидов. По их словам, жители мегаполисов и ряда регионов страны отмечают, что доступность к жилым и общественным зданиям в Талдықорғана намного лучше, чем у них. И в 2026 году она будет доведена до 90%, заверил аким области. Как он отметил, помимо этого в городе работают реабилитационные центры как для детей и подростков, так и для людей старше 18 лет. В следующем году будет открыт еще один подобный центр, планируется он и на побережье озера Балхаш, так как на Алаколе уже есть. Решен вопрос по оказанию услуг на дому в выходные инвалидам, работающим и не имеющим возможность в будние дни посещать реабилитационный центр, чем обрадовал обратившегося к нему с данным вопросом. Глава региона еще раз обратил внимание всех на то, что инвалиды 1, 2 групп везде и всегда должны обслуживаться вне очереди, подчеркнув об инклюзивном обществе, о котором постоянно говорит Президент страны.

Не обошлось, конечно, и без благодарностей со стороны граждан, направленных на проведенную в областном центре работу.

На это Бейбит Исабаев заметил, что в течение двух лет область Жетісу в разрезе социально-экономического развития страны держится в лидирующей тройке, несмотря на пессимизм отдельных граждан в начале отделения области от Алматинской. Достигнуто это благодаря порядку, жесткому спросу и соблюдению законов.

«Где работают законы, там есть прогресс», - подчеркнул глава региона.

Отметим, эта встреча стала завершающей, ранее в течение года встречи с жителями региона проведены в восьми районах и городе Текели.

Алма УРАЗАЕВА
Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ҚУАТТЫ ӨНІР



ЖЕТІСУЫМ – ЖҮРЕКТЕГІ ЖЕРҰЙЫҒЫМ, ТАЛДЫҚОРҒАН – ТЕРБЕЛГЕН ТАЛ БЕСІГІМ

Жетісудың сұлу төрі Талдықорған жылдан жылға түрленіп, ең таңауға қалалардың қатарынан табылып отыр. Саф ауасы, сыңғырлай аққан өзені, бой түзеген ғимараттары, күн нұрына малынған көшелері, жайғары жүзгі халқы – әсемдіктің өлшеміндей. Жақсы менен жайсаңға қоныс болған талды қаланың бүгінгі кешегінен ерекше болса, келешегі одан да кемел.

Өңірдің дамуы елдің ырыс-берекесін арттыруға үлкен сеп. «Мемлекет мықты болсын десек, ең алдымен, өңірлеріміз қуатты болуы керек. Өндірісі дамыған елге айналуды үшін осы салаға көңіл бөліп отырмыз. Стратегиялық маңызы бар Жетісу облысына ерекше назар аударамыз», - деген еді Мемлекет басшысы жуырда облысымызға жасаған сапарында.

Талдықорғанның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы өткен 11 ай ішінде ауыз толтырып айтатындай жетістіктерге жеткенімізді айғақтайды. Бұл туралы Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте таныстырып, болашақта атқарылар жұмыс ауқымы жайлы айтты.

2024 жылдың 11 айындағы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысынан оң өсім үрдісінің сақталғанын байқауға болады.

ӨНЕРКӘСІП ТЫНЫСЫ

– Экономиканың нақты секторының көрсеткішінің 4-і орындалды.

Өнеркәсіптегі өсім – 5,1%, бөлшек сауда – 7,7%, ауыл шаруашылығында – 3,4% құраса, 58 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім – 4,8% болды.

Биылғы жылға 37,0 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары және 154,6 мың шаршы метр тұрғын үйді қолданысқа беру жоспарланған, жыл қорытындысы бойынша осы көрсеткіштердің орындалуы күтілуде.

2024 жылы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізу жоспарлануда. Қаланың экономикалық даму негізін құрайтын шағын кәсіпкерлік пен өнеркәсіп саласында 251 кәсіпорын болатын болса, оның 13-і орта және ірі кәсіпорындар санатында. Облыс орталығында жұмыс істеп тұрған 19 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектінде 35 мыңнан астам адам еңбек етеді. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау аясында биыл 4,3 млрд теңгеге 110 жоба субсидияланып, 42 жобаға 1,5 млрд теңге көлемінде кепілдік берілген.

Жаңа жобалардың қатарында аккумулятор батареяларын шығаратын «ASMA Industrial» ЖШС-і жұмысын бастады. Жаңа жылдың алғашқы тоқсанында газдалған бетон блоктарын шығарумен айналысатын «Стальбетон» ЖШС зауытын іске қосу жоспарда. Бір жыл ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің қатары 9,1% артып, салықтың түсімі 26,5% өскенін байқауға болады, - дейді шаһар басшысы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Талдықорған қаласы бойынша 45 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндіріліп, жоспар – 103,4% асыра орындалған. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары – 6 мың га. Қалада көлемі – 2,2 га жерде 8 жылжымайтын жұмыс істеп тұрса, 2 жылжымайтын жұмысын бастап отыр. Ауыл шаруашылығына 2024 жылы – 768 млн теңгенің инвестициясы тартылған. 2025 жылы 2 млрд теңге инвестиция қарастырылып, жаңбырлатып суару көліктерін шығаратын зауыт құрылысын бастау жоспарланған. «Агротрест» ЖШС-ін ұлғайтып, астықты келтіретін элеваторлар орнатуға 600 млн теңгенің инвестициясы тартылған.

ЖОЛ – ҚАЛА ТІРШІЛІГІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Осы жылдың маңызды жетістіктерінің бірі – көліктер және жаяу жүргінші жолдары

жөнделіп, асфальтталды. Алдағы жылдары да жол инфрақұрылымына ерекше көңіл бөліне бермек. «Бірлік» және «Құлагер» жаңа шағын аудандарында ірі жол құрылысы жобасы сәтті жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта ұзындығы 1,9 км болатын төрт көше салынды, ұзындығы 2,3 км болатын тағы екі көше салу жоспарланған.

«Жастар-1» шағын ауданында ұзындығы 25,7 км болатын 53 жолдың құрылысы жүргізілуде.

34 көшеде асфальт төселді, төрт көшеде ұсақ түйіршікті асфальт төсеу және 4 км тротуар салу жұмыстары аяқталды.

Солтүстік-Батыс тұрғын ауданында 45 жаңа жол салу жоспарланған, оның 34-е ірі түйіршікті асфальт төселген, ал қалған жолдар бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

«Шығыс», «3-бөлімше» және «Көктал» елді мекеніндегі көшелерді күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 2026 жылға қарай бұл аудандарда да жаңартылған жолдар пайда болып, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалады. Биыл Өтенай ауылында жеті көшеде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Қабанбай батыр көшесінде екі бағыттағы қозғалыс жаңартылған. Автобус бағыттарын жолаушылардың ыңғайлылығы үшін оңтайландыру жоспарлануда.

– Қоғамдық аумақтарды абаттандыру басымдықтардың бірі болып қалып отыр, оның басты мақсаты – ыңғайлы қалалық орта құру.

2025 жылы «Жастар-2» тұрғын үй массивінде көшелерді салу жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

Оған қоса, Талдықорғанда мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ыңғайлылығы үшін арнайы дыбыстық құрылғылармен жабдықталған бағдарламалар орнату жұмыстары басталды, - дейді Ернат Бәзіл.

ҚҰРЫЛЫС – БАСТЫ НАЗАРДА

2024 жылы 50-ден астам үй салынды, бұл шамамен 150 мың шаршы метр тұрғын үйді құрайды. Құрылыс осымен тоқтамайды.

Талдықорған қаласының тұрғындарын қолжетімді ету жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 346 пәтерден тұратын 11 несиеге берілетін үй және «Береке» коттеджді қалашығында 97 жалға берілетін үйдің құрылысы аяқталды. Қосымша, келесі жылы тағы 107 коттеджді пайдалануға беру жоспарланған.

2025 жылы Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданында 409 пәтерлі 12 несиеге берілетін үй және 108 пәтерлі 4 жалға берілетін үй пайдалануға берілмекші. Сонымен қатар, осы аудан үшін жаңа жергілікті «Полиция пункті» ғимаратының жобасы бекітілді. Бүгінде Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданында ішкі кварталдық және магистральдық инженерлік желілердің құрылысы аяқталған.

«Құлагер» шағын ауданында да осындай жайыстар атқарылған.

– 11, 12 және 13 шағын аудандарында 795 пәтерден тұратын 23 несиеге берілетін үй, ұзындығы 10,1 км болатын кәріз магистральдық желілері, ұзындығы 4,1 км болатын су құбыры желілері және ұзындығы 25,7 км болатын электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы жоспарланған.

Қаратал өзенінің оң жағалауында 952 пәтерден тұратын 20 несиеге берілетін үйдің құрылысы мен абаттандырылуы, жаңа әскерге шақыру пунктін құрылысы жоспарлануда. Сонымен қатар, Президенттің «Жетісу облысындағы онкологиялық диспансердің материалдық-техникалық базасын нығайту» тапсырмасын орындау аясында табысты келіссөздерінің нәтижесінде 200

орындық заманауи онкологиялық орталықтың құрылысы басталды. Орталық заманауи диагностика және емдеу әдістерімен, оның ішінде желілік үдеткішпен және интервенциялық хирургиямен жабдықталады.

Сондай-ақ скрининг орталығы қарастырылған, бұл күрделі ауруларды ерте кезеңде анықтау арқылы тұрғындардың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді.

12-ші шағын ауданда қуаттылығы 49 Гкал/сағ болатын кварталдық қазандық жобасының құрылысы басталды.

Бұл қазандық бірден төрт шағын ауданды сапалы және үздіксіз орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етеді.

900 және 1200 орынға арналған үш мектептің жобалық-сметалық құжаттамасы толық қарқынмен әзірленуде. Бұл балаларды жаңа, заманауи мектептермен қамтамасыз етеді. Мектептер «Жастар-2», «Батыс» тұрғын массивтері және Еркін ауылдық округіндегі «Көктал» шағын ауданында салынады, - деді Ернат Бәзіл.

Қала басшылығы жаңа спорт нысандарының құрылысын ерекше бақылауда ұстап отыр.

Жақын арада «Өркен» спорт кешенінің аумағында гимнастика залы пайда болып, Жалайыри кешесінде волейбол және баскетбол ойындарына арналған спорт кешені салынбақшы.

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Қала әкімдігі коммуналдық инфрақұрылымды жақсартуды ерекше назарда ұстайды. «Жастар 1/1» шағын ауданында 9,8 км сумен қамту және су бұру желілерінің құрылысы аяқталып, тұрғындар сапалы ауыз сумен қамтылды. «Қызыл тас» және «Қаратал» саяжай қауымдастығы тұрғындарын ауыз сумен қамту үшін ұзындығы 42,8 км болатын желілерді тарту жұмысы толығымен аяқталды. Сонымен қатар 3-бөлімшенің жеке тұрғын үй құрылысын 16,9 км электрмен қамту желілерінің құрылысы мен 1-бөлімшені жарықпен қамтуға арналған 3,3 км электр желілерінің құрылысы аяқталған.

Оған қоса Дарабоз ана, Абай, Қабанбай батыр, Балпық би атындағы көшелер бойындағы жылу желілерінің 1,8 км қайта жаңарту ісі күз айында аяқталды. Бұл – «Баскуат» орталық жылу қазандығының жүктеме күшін 15 Гкал/сағ азайтуға мүмкіндік берді. Қабанбай батыр, Балпық би атындағы көшелердің жолдарын толық асфальттау ісі келер жылы жүзеге асырылады. «Болашақ», «Көктем» шағын аудандарында 10 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сыртқы көрінісін жаңартумен қатар жылуды ұзақ ұстау мүмкіндігін жол ашылды. Сонымен қатар 28 көпқабатты үйдің шатыры жөнделген.

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ҮЛЕС

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Баршаңызға мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама», - деген болатын. Аталған акция аясында талды шаһарда 10 мың ағаш көшеті отырғызылып, 11 мың – көпжылдық гүл егілген. Алдағы жылы қаланың эстетикалық, экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында тағы да 10 мың ағаш көшетін отырғызу жоспарланған. Талдықорған қаласында маусым айынан бастап «Жаңа-Сана» компаниясы қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау ісін қолға алды. Бұл өріне, қала тұрғындарының денсаулығын сақтаумен қатар қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға, елімізде жүзеге асырылып жатқан «жасыл экономика» қағидатына сай болуға үлкен қадам екені сөзсіз, - дейді қала басшысы.

АБАТТАНДЫРУ ІСІ

Тұрғындар қауіпсіздігін қамту мақсатында көшелерді жарықтандыру ісі жалғасуда. Оңтүстік-шығыс тұрғын үй алабының 1,4 км, «Ынтымақ» ауылының 3,3 км түнгі жарық беру шамдары орнатылған. 2025 жылы қаланың 213 учаскесі мен 10 саяжай қоғамын, батыс аймақты, «Шығыс» шағын ауданын қоса қамтығанда 111,3 км аумақты жарықтандыру бойынша 5 жоба жүзеге асатын болады. «Ұлан» шағын ауданының 5 алаңы абаттандырылып, келесі жылы тағы 9 алаңын осындай жұмысына қаражат бөлініп

отыр. Сонымен қатар Еркін ауылындағы Болашақ көшесі абаттандырылып, 2025-2026 жылдары «Жұлдыз» және «Жетісу» шағын ауданындағы 30 аула жаңартылатын болады. «Халықтың қатысатын бюджет жобасы» аясында «Ащыбұлақ», «Алмалы», «Ұйтас» саяжай қоғамдары мен батыс тұрғын ауданындағы Жазиралы, Ақындар көшесінде спорт және балалар алаңдарын салу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілген. 2025-2026 жылдары «Бірлік» шағын ауданында демалыс алаңы бой көтерсе, «Құлагер» шағын ауданында саябақ құрылысы басталады. «Әлдибек» СУ алдындағы заңсыз сауда жасау орнының сүріліп, оның орнына жаяу жүргінші жолын салу, абаттандыру ісі қолға алынбақшы.

Арық жүйелері де жаңғыртылып, қалпына келтірілуде.

СПОРТ АЛАҢДАРЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

– «Салауатты, көңілді ұрпақ тәрбиелеу – елдің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі. Тек дені сау ұлт ғана бәсекеге қабілетті бола алады, ал спорт – бұл ең алдымен Қазақстанның беделі мен имиджі!» Осыған байланысты Талдықорғанда заманауи талаптарға сай жаңа спорт нысандары мен кешендері белсенді түрде салынуда. «Ащыбұлақ» және «Алмалы» саяжай қоғамдарында балалардың дамуына және жастарды спортқа тартуға бағытталған демалыс аймақтары ашылды. Талдықорған қаласының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» ашылуының арқасында қаланың спорттық дамуы жаңа деңгейге көтерілді. Жыл ішінде 145 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, оған 16000-нан астам қала тұрғыны қатысты. Ел көлемінде алғаш рет жастар арасында іске асырылған «Мектеп барысы» республикалық бастамасы айрықша жобалардың бірі болды. Бұл жасыра 27 спортшы жүгіру, жүзу, фитнес және қазақ күресі сияқты спорт түрлерінен бақ сынап, жеңімпаз болып Бақытбек Исаян танылды, - дейді Ернат Бәзіл. Қала әкімдігі басшылығының қолдауымен «Aula Fit» жобасы басталып, жоба аясында 100-ге жуық спорттық іс-шара өткізілген. Оған 4 мыңдай бала қатысқан. Сондай-ақ, Өтенай ауылында орналасқан жаңа «Темірлан-Арена» спорт кешенінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Нысанның жалпы аумағы мың шаршы метрден асады. Бұл спорт нысаны өңір тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етіп, қалалық инфрақұрылымның маңызды элементіне айналған.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ЖАНДАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА ҚҰРУ

– Талдықорғанда 6088 мүгедектігі бар жандар тұрады, оның ішінде мыңнан астамы – балалар. Қалада 187 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына мониторинг жүргізілді, оның ішінде 131-і мемлекеттік нысан, ал 56-сы кәсіпкерлік нысаны.

2024 жылы 17 мемлекеттік нысанды бейімдеуге 37,4 млн теңге бөлініп, бұл қаражат толық игеріліп, нысандар бейімделді.

Сонымен қатар, мониторингтік топтардың ұсыныстары негізінде кәсіпкерлік саласындағы 56 нысанның 30-ы бейімделді.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Өзгерістер жолы: баршаға лайықты өмір!» жол картасы бойынша әлеуметтік нысандарды бейімдеу жұмыстары 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Талдықорған әкімдігі қалалық инфрақұрылымды жақсартуға және әрбір тұрғынның игілігіне бағытталған жобаларды жүзеге асыруға ұмтылуда. Жолдардан бастап тұрғын үйлерді жақсартуға дейінгі жұмыстардың барлық кешені Талдықорғанды заманауи және жайлы қалаға айналдыру жолындағы маңызды қадамдар болып табылады, - деп сөзін қорытындылаған шаһар басшысы журналистер тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

СҰРАҚ: – Ынтымақ ауылына айналма жолдан тыс тікелей қатынауға мүмкіндік жасала ма? Алматы облысы екіге бөлінген кезде «Талдықорған қаласы тоқырап қалады» деген түсінік қалыптасқан еді, керісінше қала даму үстінде. Сын-бәрібір айтылады. Теріс пікірді қалай қабылдайсыз?

ЖАУАП: – Ынтымақ ауылы бойынша

тұрғындармен кездесу кезінде де осы айналым жол мәселесі айтылды. Назарымызда. Тікелей жол салу ісіне қатысты мердігер компания анықталып, жобалық сметалық құжаттама дайындалуда. Келесі жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік сараптамаға жіберіп, оң қорытындысын алсақ, бұл мәселе шешімін табады.

Сынды дұрыс қабылдаймын. Кей кездері өзін жарнамалауды, оқырмандар санын көбейтуді көздейтін азаматтарға ренішім бар. Олар алдымен мәселені әкімдікке ресми жолдап, нақты жауабын алған соң ғана қоғам талқысына шығарса нұр үстіне нұр болар еді.

СҰРАҚ: – «Смарт аялдамалар» толығымен қашан қалпына келтіріледі?

ЖАУАП: – Бір жарым жыл болды аялдамалар мәселесі назарымызда. Құжаттары заң бойынша реттеліп, құрылыс жұмысымен айналысатын мердігер компания анықталды. Қала бойынша 21 аялдаманың 12-не қаражат бөлініп, жөнделді. 9 аялдама келер жылдың ортасына дейін қалпына келтіріледі. Жауапты компания 5 жыл бойы аялдамаларды өз қадағалауында ұстайды.

СҰРАҚ: – Қаланың жылыту орталығы жаңғыртыла ма? Саяжайлар орталықтандырылған ауыз суға қосылған ба?

ЖАУАП: – Қаланы 70% жылумен 90 пайыз ыстық сумен қамтуды «Баскуат» қазандығы арқылы жүргізіп отырмыз. Ол 1979 жылы салынған. Сондықтан қуаттылығы сағатына 49 Гкал қазандықтың және «Баскуат» қазандығының базасында газ турбиналық станциясының құрылысы басталды. Осы жобаларды іске асыру «Баскуат» қазандығының жүктемесін тағы 30% азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, 2025-2026 жылдар аралығында қаланың негізгі магистральдық жылу желілерін кезек-кезеңімен қайта жаңарту жоспарлануда.

Саяжайларды орталықтандырылған ауыз сумен қамтуға келетін болсақ, соңғы қалған «Қызыл тас» саяжайын орталықтандырылған ауыз суға қосу 2021 жылы басталған болатын соны был 100% аяқтап, келесі жылы техникалық шарт алып, қосуға дайынбыз.

СҰРАҚ: – Саяжайлардың мәртебесі қашан анықталады?

ЖАУАП: – Саяжайлар бойынша жоба толық нақтыланды, тыңдаулар өткізілді. Жаңа жылда мемлекеттік сараптамадан өткіземіз. Ол екі айлық жұмыс. Мемлекет тарапынан бекітіп алсақ, саяжайлардың барлығы қаланың тұрғын үй алабына енгізіледі. Бірақ, «Сарыбұлақ» саяжайы мәселесіне келсек, кейбір үйлер заңсыз, аэропортқа тақап салынған. Осы орайда, аэропортты қорғау алаңының ішіне еніп кеткен үйлер заңдастырылмайды.

СҰРАҚ: – «Қызылтас» саяжайына жолдар қашан салынады? «Қызылтас», «Шайқорған» саяжайының балалары үшін үйірмелер ашыла ма?

ЖАУАП: – «Қызылтас» саяжайын орталықтандырылған ауыз сумен қамтуды аяқтаған соң, келесі жылы жол салу үшін арнайы жоба дайындалды. Ақша бөлінген. Аталған саяжай балаларының бос уақыттарын тиімді өткізу үшін арнайы жер қарастырылған. Болашақта жабық спорт алаңын салу жоспарымызда бар.

СҰРАҚ: – Мүгедектері бар азаматтарға қандай жағдайлар жасалған?

ЖАУАП: – Жалғызбасты қарттарды және мүгедектері бар азаматтарды – әлеуметтік қолдау және олардың өмір сүру сапасын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 6088 мүгедек азамат бар. Оның ішінде 1-ші топтағы 815 адам әлеуметтік көмекшінің қызметін алып отыр. Көмелеттік жасқа толмаған ерекше күтімді қажет ететін 1128 балаға, әлеуметтік көмекшінің 8 түрлі қызметі көрсетіледі. Жалпы мүгедектері бар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік көмектер мен жәрдемақылар, әлеуметтік, басқа да төлемдер төленіп, техникалық оңалту құралдарымен қамту ісі жолға қойылған.

Брифинг барысында жол қауіпсіздігі, Абылай хан көшесіне аспалы жаяу жүргінші жолын салу, жасөспірімдер үшін скейтборд алаңын тұрғызу, балалар алаңын салу, тұрғындар демалуға қолайлы жабық бассейін қажеттігі туралы да сауалдар берілді. Ернат Дүйсенбекұлы, қала тағдырына қатысты сауалдарға жауап беріп, қауіпті жолдарға жылдамдықты шектеу туралы белгі мен бағдарламалар, «Сергек» камерасын орнату, балалар ойнайтын алаңдар салу ісіне қатысты жауапты мамандарға тапсырмалар жүктелді. Демалыс нысандарын салуға жергілікті кәсіпкерлер тарапынан өтініштер түсіп жатса, қуана қолдау танытатынын жеткізді.

Гүлжанат НҰРШАНОВА



Құрметті талдықорғандықтар!

Сіздерді келе жатқан 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – жаңалықтар мен жетістіктердің, қуаныш пен бақыттың жылы. Өтіп бара жатқан жыл біздің қаламыз үшін көптеген маңызды оқиғалар мен ілгерілеулерге толы болды. Алдағы жылда да Талдықорғанды дамыту, оның инфрақұрылымын жақсарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарымызды жалғастырамыз. Баршаңызға денсаулық, бақыт, тыныштық және молшылық тілеймін. 2025 жыл барлық армандар мен мақсаттардың орындалатын жылы болсын! Жаңа жыл құтты болсын!

Ернат БӘЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі



ГАЗ ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

Талдықорған тұрғындарының 90 пайыздан астамы газға қосылуға мүмкіндік алды. 38 мыңға жуық абонент көгілдір отынның рахатын көруге.

Қала маңындағы саяжайлар мен ауылдық жерлерге де газ құбырларын жүргізу жалғасуда. 3-ші бөлімше, Ынтымақ, Пригородный елді мекендері мен «Үйтас» саяжайы, «Жастар-2» шағын ауданы былтырғы жылы іске қосылса, биыл Ынтымақ тұрғын алабы мен Мойнақ ауылы газбен қамтылып отыр. Қала маңындағы «Алмалы», «Ащыбұлақ», «Мерекелік», «Қызылтас», «Балықты», «Қаратал» саяжайлары мен 1-бөлімшеге газ тартудың жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда.

Г.Омарова, Мойнақ ауылының тұрғыны:

– Қыстың суығында таңнан тұрып, от жағу кімге болса да оңай емес. Жаңа жыл қарсаңында ауыл тұрғындары көгілдір отынға қосылып, қуанып жатырмыз. Облыс, қала басшыларына алғыс айтамыз.

Өз тілшіміз

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Өткен ағуылдық мәдениет үйінде гәстүрлі түрре ұйымдастырылар қала әкімінің жаңа жылдық шырша мерекесі өтті. Аталмыш жаңа жылдық кешке қаламыздың әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқу озағтары, сондай-ақ, ерекше күтімді қажет ететін жалпы 700 өрен қатысты.

Жасөспірімдер асыға күтер салтанатты шараға қатысқан Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл жүрежарды лебізін жеткізді. «Сендер бір отбасының ғана емес, еліміздің үкілі үмітсіңдер. Барлығың осы жылы жақсы оқып, спорттық жетістіктерге жетіп, жаңа жылды қуанышты көңіл-күймен қарсы алғалы отырсыңдар. Жаңа жылда жаңа табыстарға қол жеткізіп, жаңа білімді игеріңдер, барлық армандарың орындалсын. Сендер ынтымағы жарасқан елде өсіп келе жатқан бақытты ұрпақсыңдар. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңдар. Бұған елімізде барлық мүмкіндік бар. Тәуелсіз елімізбен бірге өркендеп, еліміздің мақтанышы болуларыңа тілектеспін» – деді. Қатысушы балаларға сыйлық табыстап, жаңа жылдық шырша маңына жиналғандар цирк әртістерінің, өңір өнерпаздарының дайындаған бағдарламасын тамашалады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ЭНЕРГЕТИКТЕРДІ ҚҰТТЫҚТАУ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов энергетика саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың атқаратын маңызды қызметі үшін ризашылығын білдірді.

Қала әкімінің орынбасары энергетика саласының дамуы мен тұрғындардың энергиямен қамтамасыз етілуінде үлесі

бар мамандардың еңбегін жоғары бағалап, олардың қала экономикасындағы маңыздылығын атап өтті.

Шара барысында Қуаныш Сейтімбетов мерекеге орай бірнеше қызметкерге облыс, қала әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хатын табыстап, олардың қажырлы еңбегі мен адал қызметі үшін алғысын жеткізді.

Сонымен қатар, ол энергетика саласының тұрғындар үшін маңыздылығын ескере отырып, бұл сала қызметкерлерінің қала дамуына қосқан үлесі ерекше екенін айтты.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНДА

Ағымдағы жылдың 24 желтоқсанында Талдықорған қалалық мәслихатында кезекті жоспарлы XXIX сессиясы өтті.

Сессия жұмысы барысында: Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы Темірболат Жанболатұлы Ахажанның мәслихаттың қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі; Талдықорған қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы; басқа да мәселелер қаралды.

Сессия отырысының күн тәртібіндегі барлық мәселелері бойынша депутаттармен тиісті шешімдер қабылданды.

В ТАЛДЫҚОРҒАНСКОМ ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

24 декабря текущего года в Талдықорганском городском маслихате состоялась очередная плановая XXIX сессия.

В ходе работы сессии были рассмотрены следующие вопросы: Отчет председателя Талдықорганского городского маслихата Ахажан Темірболатұлы о проделанной работе по организации деятельности маслихата; «О бюджете города Талдықорған на 2025-2027 годы»; Разное.

По всем вопросам повестки дня заседания сессии депутатами приняты соответствующие решения.



ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК ДЕПУТАТТАР ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ағымдағы жылғы 20 желтоқсан күні Талдықорған қалалық мәслихаты депутаттарының бастамасымен Талдықорған қаласы полиция басқармасы қызметкерлері мен қаладағы пәтер иелерінің кооперативтері (ПИК) төрағаларымен кездесу өтті. Кездесу қала тұрғындарының мәслихат депутаттарына қойған сұрақтарына орай ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты – қала тұрғындарының өзекті мәселелерін назарға алып, алдағы жылға бірлескен жұмыс жоспарын жасап, шешу жолдарын қарастыру.



ВСТРЕЧА ДЕПУТАТОВ С ЖИТЕЛЯМИ

20 декабря текущего года по инициативе депутатов Талдыкорганского городского маслихата была проведена встреча с сотрудниками управления полиции города Талдыкорган и председателями КСК (Кооперативов собственников квартир) города. Встреча была организована в связи с вопросами, поднятыми жителями города перед депутатами маслихата. Целью встречи было обсуждение актуальных проблем горожан, планирование совместной работы на следующий год и поиск путей решения обсужденных вопросов.

«ЖЫЛ ҮЗДІГІ – 2024»

ҚЫРАҒЫ ШЕКАРАШЫЛАР

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жылдық қорытындысында «Үздік шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы» номинациясының иегері ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Қорғас шекаралық бақылау басқармасы «Нұр жолы» шекаралық бақылау бөлімінің бастығы подполковник Нұржан Керченев танылды.



Нұржан Серікұлының басшылығымен нұржолдық шекара сақшылары 2024 жылдың қорытындысы бойынша жауынгерлік қызметтің жоғары нәтижесін көрсетті. Атап айтсақ, онға жуық бөтен құжатпен шекара асқысы келгендердің жолы кесіліп, бірнеше рет жеке бас құжатын қолдан жасағандар анықталды. Қос азаматтықпен 300-ге жуық жолаушы жолдан қалса, бірнеше рет бағалы бұйымды жасырып өтуге талпынғандардың алтын-күмістері әшкерә болды.

Сонымен қатар, жалпы бағасы 333 миллион теңгеден астам тіркелмеген қомақты қаражат тәркіленіп, 40-қа жуық бақылау өткізу пунктінің режимін бұзушы мен 200-дей Қазақстан Республикасына келу тәртібін бұзғандар анықталды. 2 мыңнан аса жедел тапсырма орындалып, 60-қа жуық контрабандалық тауарлардың жолы кесілді.

Сондай-ақ, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жылдық қорытындысында «Үздік шекара бөлімшесінің бастығы» номинациясының иегері ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы «Ынталы» шекара бөлімшесінің бастығы, капитан Бағлан Сейітжан танылды.



Бағлан Қожахметұлы басшылығымен ынталылық шекара сақшылары 2024 жылдың қорытындысында жауынгерлік қызметтің жоғары нәтижесін көрсетті. Атап айтсақ, шекара бөлімшесінде бірнеше адам мемлекеттік шекара режимін бұзғаны үшін ұсталса, мемлекеттік шекараны күзетуге байланысты шекара нарядының талабын орындамаған бірқатар тұлға заңға қайшы іс-әрекеттері үшін жауапқа тартылды.

2024 жылғы қорытындысында, «Ынталы» шекара бөлімшесінің жеке құрамы жауынгерлік және кәсіби дайындық бойынша жоғары жетістікке қол жеткізген әскери ұжым.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

БІЛІМ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУЫН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұн жағдайында мұғалімдердің тәжірибесін көптеген өзгерістер орын алуға. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуға саралаудың маңыздылығы артуда. Саралау оқыту (дифференциация) латын тіліндегі «differentia» сөзінен бастау алған және біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуге, саралауды білгірегі, ал француз тілінде «differentiation» айырмашылық, ерекшелік дегенді білгірегі.

Саралау оқыту әрекеті — білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралау оқытудың жүйелік негізін Л.Вьетский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б. ғалымдар жасаған. Саралау оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

1. Тапсырма: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

2. Дереккөздер: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

3. Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады, негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

4. Қорытынды: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

5. Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

6. Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

7. Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Сабақтың басты міндеті оқу мақсаттарын жүзеге асыру болып табылады және сабақ жоспарын осы оқу мақсатының төңірегінде құрылады. Сараланған сабақ мақсаттары да, одан туындайтын бағалау критерийлері мен тапсырмалары да оқу мақсатын жүзеге асыру үшін құрастырылады. Сабақ мақсаттары (барлық оқушылар, оқушылардың басым бөлігі және кейбір оқушылар) оқушылардың танымдық деңгейлеріне қарай қойылады. Оқушылардың сабақ барысындағы жұмысын ұйымдастыруда тарих сабағында ойлау дағдыларының деңгейіне қарай әдіс-тәсілдерді былай жіктеуге болады.

1. Білу, түсіну. «Сәйкестендіру кестесі», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ақиқат, жалған», «Ыстық орындық», «Конверт сұрақ», «Кубизм» т.б.

2. Қолдану. «Терминдер кестесі», «Кластер», «Алты W», «Т кестесі», «Ара ұясы», «Тұлғаны таны», «Тарихи лото», «Венн диаграммасы» т.б.

3. Талдау. «Тұжырымдамалық карта», «Екі жақты күнделік», «Фишбуон», «Ұқсастық пен даралық», «Болжау кестесі» т.б.

4. Жинақтау. «Егерде мен...», «IDEAL», «Ойлаудың алты қалпағы», «Мәтін талдау кестесі» т.б.

5. Бағалау. «Данышпан үкілер», «FILA кестесі», «SWOT талдау», «ПОПС», «ПТМС-формуласы» т.б.

Жоспарлау мен оқыту үдерісінде саралаудың тәсілдерін қолдану балаларға оқу тапсырмаларын өз деңгейі бойынша, қолдау немесе көмек көрсету арқылы орындауына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың оқуға деген сенімділігі мен ынтасын арттырады.

А. СОЛТАНГАЗИНА,
№2 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі

АКТУАЛЬНО

ПРИЧИНЫ УПОТРЕБЛЕНИЯ НАРКОТИКОВ ДЕТЬМИ И ПОДРОСТКАМИ

Проблема распространения наркомании в среде детей и подростков - одна из острых проблем современного общества.

Мы часто со страниц различных изданий, программ слышим один и тот же вопрос: «Как остановить распространение наркотиков в молодежной сфере?». Ответ на него должны искать самые различные специалисты: медики, работники сферы образования и т.д. Злоупотребление наркотиками, алкоголем и другими психоактивными веществами (ПАВ) является в настоящее время одной из важных проблем, т.к. наркомания практически не поддается лечению. Свою роль в подготовке и легализации наркомании в обществе сыграли табак и алкоголь. Среди тех, кто пробовал наркотики, чаще встречаются люди курящие и употребляющие алкоголь.

Чем больше пьет человек, тем больше он оказывается втянутым в систему потребления наркотиков. У детей первые пробы наркотиков происходят на фоне потребления алкогольных напитков и табакокурения. Алкоголь и табак страшны не только тем, что они разрушают здоровье человека, они способствуют саморазрушению личности, потере человеческого облика. Употребление алкоголя и табака - серьезное основание для перехода к наркотикам. В среде лиц, злоупотребляющих наркотиками, возрастает поражаемость ВИЧ-инфекцией, смертность, инфекционные гепатиты, венерические болезни, туберкулез. Очень высока криминогенность, на сегодняшний день прослеживаются следующие тенденции: «Омоложение контингента употребляющих наркотики, снижение возраста впервые пробующих наркотики».

Наиболее распространенная классификация причин, влияющих на употребление наркотиков детьми и подростками, это:

1. Социально-экономические: толерантное отношение к алкоголизму и табакокурению;
2. Биологические: наследственная отягощенность психическими или наркологическими заболеваниями;
3. Индивидуально-психологические: подражание более старшим подросткам, попытки нейтрализовать

отрицательные эмоциональные переживания, стремление соответствовать группе сверстников, любопытство, подчинение давлению и угрозам, робкое поведение в классе, неудачное участие в школьных мероприятиях, принадлежность к отвергнутым.

Существует множество факторов риска злоупотребления наркотиками, каждый из которых представляет собой угрозу психологическому и социальному развитию человека, оказывает различное воздействие на него в зависимости от возрастной фазы. Наиболее опасными являются семейные факторы, влияющие на раннее развитие ребенка. Этими факторами могут быть: неблагоприятная семейная атмосфера, неумелое воспитание, отсутствие взаимопонимания в семье.

Все причины детско-подростковой наркомании делятся на 2 группы:

- объективные - все, что связано со средой обитания и жизнедеятельностью ребенка;

- субъективные - все, что соотносится с личностью ребенка, его развитием и становлением.

Одним из основных направлений антинаркотической профилактики является пропаганда здорового образа жизни и реализация различных программ укрепления здоровья. В ходе такой работы поощряется развитие положительных привычек (занятие спортом, активный досуг без табака и алкоголя, здоровый режим труда и питания), которые могут стать барьером, препятствующим поведению, наносящему вред здоровью.

Следующее важное направление - личностно-ориентированное, оно нацелено на то, чтобы используя различные формы занятий, сформировать у человека навыки самостоятельного принятия решения, противостояние давлению группы, преодоление стрессовых, конфликтных и прочих сложных жизненных ситуаций, а также проблем общения.

Их общая цель - научить человека управлять собой и объективно оценивать свои действия и поступки, развить его веру в свои силы и возможности. Всегда легче что-то предотвратить, чем потом исправлять уже допущенные ошибки.

Р. САРСЕНОВА,
учитель биологии СШ №5 им. М.Ломоносова,
г. Талдықорған

ОБЛЫСТА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІГІ АЗАЙДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресудің алдын алу және бірінші кезектегі міндеттер қатарына көтерілді.



Осыған орай, 2022 жылдан бастап облыс бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің жұмысы халық үшін ерекше мән берілетін салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және бюджетке залал келтірмеуге бағытталған.

Бұл жұмыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасына сәйкес жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста жүргізілді. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2024 жылдың жұмыс қорытындыларын шығарды. Ағымдағы жылдың 4-тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасындағы 9 саланың 5-еуін қамтыды. Салалық бөлімшелердің бірлескен жұмысы мен антикоррупциялық мониторинг қорытындысында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл туралы «Жетісу облысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын іске асыру» туралы өткен жиында баяндалды. Мәселен, Алакөл ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу полигонын төндер өткізбестен сенімгерлік басқаруға заңсыз беру фактілері анықталды. Мониторинг нәтижесінде, облыстың барлық ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері бекітілді.

2024 жылғы 11 қарашада пайдалы қазбаларды заңсыз өндіруге қарсы іс-қимыл бойынша ведомстваралық бұйрыққа қол қойылды. Мониторинг ұсынымдарын орындау нәтижесінде 6,6 млн теңге көлемінде айыппұл салынған 20

әкімшілік хаттама толтырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін Face ID функциясы бар «Favorit mobile» мобильді қосымшасы әзірленді. Бұл жаңашылдық мектеп директорларының ЭЦҚ кілттерін есепшілерге заңсыз беруді болдырмайды және олардың жеке жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыртқы талдау нәтижесінде, 110 мүмкіндігі шектеулі азаматтың құқықтары қорғалды, қос қаржыландыру фактілері анықталып, мемлекет бюджетінен 4 млн теңге қайтарылды. Бұдан бөлек, төлемдердің дұрыс еместігін болдырмау үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Мемлекеттік сатып алуларды мониторингтеу арқылы жыл басынан бері 1 млрд 98 млн теңге үнемделді. Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдарды қабылдауға арналған QR-қосымшасы әзірленді. Алдағы жылы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасы қамтитын жаңа салаларды мониторингтеу арқылы жұмыс ауқымын кеңейту жоспарланып отыр.

«Бизнеске жол» жобасы аясында төртінші тоқсанда 153 кәсіпкердің құқықтары қорғалды, жыл басынан бері шағын және орта бизнес субъектілерінің 3 324-і қамтылды.

Жыл басынан бері Қазақстан Республикасының ӘҚБтК 173, 676 және 680-баптары бойынша 16 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, айыппұлдың жалпы сомасы 3 138 200 теңге.

Д.МӘКЕН

ПАРАҚОРЛЫҚ – ҚАСІРЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы

үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылыққа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан да, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Талдықорған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында салық қызметкерлерінің және салық төлеушілердің заңсыз әрекеттерін хабарлау үшін сенім телефоны 8(7282) 24-62-21 шағымдану кітабы және арнайы шағым жәшіктері орнатылған.

Г.ЖАКУПБЕКОВА,

Талдықорған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ! БЕЙБІТ ЗАМАНДА БЕРЕКЕ БАР

Ресми мәліметтерге жүгінсек, 1962-1989 жылдар арасында Семей полигонындағы Дегелең тауының жер астындағы шахталарында 340 жарылыс жасалыпты.

Семей ядролық полигонының ардагері Шешенгельдинов Қайрат Оспанұлы, 1967 жылы Қопа ауылында дүниеге келді. 1974 жылы осы ауылдағы онжылдық мектептің алғаш табалдырығын аттап, есігіне енгені есінде. Жыр дүлдүлі Ілияс ақын жырға қосқан ағынды Ақсу өзенінің суына шомылып, көк майса шөбіне аунап, биік тауларына қарап бой түзген жас жігіт, 1984 жылы алтын ұя мектебімен қоштасса да ауылын қимай трактор айдап, жұмысқа араласып кетеді. Бір жылдан соң әскер қатарына шақырылып, Алтай өлкесінде жарты жыл оқу-жаттығуға машықтанады. Тағдырдың жазуы болар, араға алты ай салып, арнайы бұйрықпен Семей өңірінде азаматтық борышын өтеуге Қазақстанға жол тартады. Өзі секілді сайдың тасындай іріктелген, әскери өмірдің ащы-тұщы дәмін татқан жастар туған жердің топырағын қуана басып, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындайды. Олар ол кезде ажал апанында жүргендерін білмеді. Айнала қоршаған табиғат ана ара-тұра дүр сілкініп, тына қалатын. Әскери құпия еш жерде әшкере болмайтын. Жыл сайын 14-18 ядролық сынақ өткізілген екен. Кезінде жартастары аспанмен таласқан Дегелең тауы қиыршық тас үйіндісіне айналғанынан-ақ, адамдардың денсаулығына қаншама залал келгенін елестете беріңіз. Қапылы жағдайда сағатына 15-20 микрорентген болатын табиғи радиациялық фонның көрсеткіші 3000-4000 микрорентгенге жеткен. Қайрат Оспанұлы сынды сол кездегі әскери борышын ажал аймағында өткізген әр азамат радиоактивті газбен тыныстап, денсаулықтарына орасан зор залал келіп жатқанын жете түсінбеді де. 1987-ші жылы әскери борышын өтеп келген соң, ауылындағы жұмысын жалғастырып, 1998-ші жылға дейін еңбек етті. Бүгінде Талдықорған қаласының тұрғыны. 2005 жылы сүйген жарымен шаңырақ құрып, 3 қызын тәрбиелеп отыр. «Осы бейбіт заманның қадірін біліп, әр адам өзінің туған, өскен өлкесіне шамасына қарай еңбек сіңіріп, үлесін қосса мемлекетіміз әлі-ақ гүлденіп, болашағымыз жарқын болатынына сенімім мол. Екі қолға бір күрек табуға болады. Кез келген жұмысты намыстанбай жасай беру керек. Керісінше, жұмыссыз жүргенге намыстану керек», - дейді Қайрат Оспанұлы.



Г.НҰРШАНОВА

ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

Білім – әлемдегі өркениетті бағытталған елдердің барлығында дерлік дамуының негізгі қағидасы мен негізгі бағыты болып табылады. Сол білімді тереңдетудің және дамуының ордасы болып табылатын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті осы қағидаға ұстанып білім мен ғылымды нәтижелі ұштастыруда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS World University Rankings 2025 (QS WUR) халықаралық рейтингінде әлемдегі ТОП-200 ЖОО қатарына қосылды. Биыл еліміздегі көшбасшы университет тоғыз көрсеткіш бойынша 67 позицияға жоғарылап, 230-орыннан 163-орынға көтерілді.

Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстан және Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында ең үздік 200 университеттің қатарына енген алғашқы және жалғыз университет.

Қазіргі интеграцияланған әлемде елдер арасындағы шекаралар ашылып, халықаралық сауда мен экономикалық байланыстар барған сайын логистика мамандарына сұраныс үздіксіз артқандығын көрсетіп келеді. Тауарлардың, ресурстардың және ақпараттың тиімді және тегіс

қозғалысын ұйымдастыру, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етудегі басты міндетке айналуға.

Ұйымдар клиенттерге жоғары құндылықты сәтті ұсына алуы үшін логистикалық және маркетингтік функцияларды біріктіру қажет. Логистика мен маркетинг, әдетте, клиенттердің мұқтажы мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. ҚазҰУ-дың Экономика және бизнестің жоғарғы мектебінде заман сұранысына сай логистер мен маркетинг мамандары дайындайды. Кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерге ие болған болашақ мамандар міндетті түрде әрі қарай білімдерін жетілдіруге тырысады. Сол мақсатта осы мамандықтың магистратурасы да, докторантурасы да «Бизнес-технологиялар» кафедрасында дайындалуда.

Тұрақты даму мақсаттарының барлық бағыттарын орындай отырып, «Логистика» мен «Маркетинг» білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, инновациялық зерттеулер мен жаңа технологияларды жандандыру бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуға. Өлемдік университеттермен ынтымақтастықты кеңейту, академиялық ұтқырлық, әлеуметтік әріптестікті дамыту саласында да ілгері қадамдар жасалуға.

О.В. КОШКИНА, PhD, аға оқытушы
А.К. БЕКМЕТОВА, аға оқытушы

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БӨЛІМІ ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ



«Азаматтарға арналған үкімет» Жетісу облысы бойынша филиалы 18 желтоқсаннан бастап Талдықорған қаласының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі қала тұрғындарын «Шығыс» шағын ауданы, Қарағайлы 28 мекенжайы бойынша қабылдайтынын хабарлайды.

Айта кетейік, аталған орталық бұған дейін Рүстембеков көшесі, 35 мекенжайы бойынша азаматтарды қабылдаған болатын. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы Жетісу облысы бойынша филиалы қолайсыздықтар

үшін кешірім сұрайды. Естеріңізге сала кетейік, Жетісу облысы бойынша филиалында қазіргі уақытта 10 әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бар. Жыл басынан бері филиал бойынша 70 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

БРИФИНГ

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі қағидаларының негізгі талаптары жөнінде Жетісу облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Аубакиров пен Жетісу облысы ПД ӘПБ ҚАБТ-ның ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Юрий Пак баяндады.

Алдағы жаңа жылдық мереке қарсаңында оны қауіпсіз өткізу мақсатында Департамент мейрамды атап өту объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларының кешенін қабылдады. Профилактикалық шара барысында азаматтардың назарына мерекелік іс-шараларға тартылған объектілерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, жабық үй-жайларда пиротехникалық бұйымдарды пайдалануға тыйым салу жайлы ескертіліп, сондай-ақ, оларды қолдануға арналған нұсқаулықтар таратылған. Мамандар аталмыш санаттағы заттарды тек мамандандырылған дүкендерде арнайы сертификатты болған жағдайда ғана сатып алу қажеттігін баса айтады. Еламан Манарбекұлы «Бүгінгі таңда облыс



бойынша нысандар мен қала алаңдарында барлығы 500-ге жуық жаңа жылдық шырша орнатылды, онда қызметкерлермен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сертификатталған иллюминацияларды қолдану бойынша ұсынымдық хаттар таратылды. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде Жетісу облысының полиция департаментімен бірлесіп 16-31 желтоқсан аралығында «Пиротехника» жедел алдын алу іс-шарасының жоспары бекітілді»-деді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ӨЗЕКТІ

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ 2025: ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізіліп жатқан өзгерістерге сәйкес, жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (250.00 СЕН) ұсынуға келесі санаттар міндеттелетінін хабарлайды:

- ▶ шетелде мүлкі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен резиденттері;
- ▶ сайланбалы және мемлекеттік лауазымдарға кандидаттар;
- ▶ банктің, бағалы қағаздар нарығының немесе сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушысы болуға ниетті тұлғалар;
- ▶ жеке практикамен айналысатын тұлғалар;
- ▶ декларацияны ерікті түрде тапсырғысы келетін азаматтар.

Шетелдегі декларациялауға жататын активтер:

- ▶ жылжымайтын мүлік, көлік құралдары;
- ▶ шетелдік компаниялардағы немесе тұрғын үй құрылысына қатысудағы үлестер;
- ▶ шетелдік банктердегі шоттардағы қаражат, егер олардың сомасы 1000 АЕК-тен асатын болса;

- ▶ бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары;
- ▶ брокерлік шоттардағы қаражат;
- ▶ интеллектуалдық меншік объектілері, авторлық құқықтар;
- ▶ цифрлық активтер;
- ▶ дебиторлық/кредиторлық берешектер;
- ▶ инвестициялық және бағалы металдар;
- ▶ құны 1000 АЕК-тен асатын мүлік (мысалы, антиквариат, сән-салтанат заттары).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында және шетелде құны 20 000 АЕК-тен (2024 жылы бұл 73 840 000 теңге) асатын ірі сатып алулар жасаған тұлғаларға декларация тапсыру міндетін енгізу ұсынылады.

Маңызды: декларацияны ерікті түрде ұсынған кезде декларанттар 10 000 АЕК-тен аспайтын сомда қолма-қол ақшаны және басқа да активтер мен міндеттемелерді декларациялай алады, бұл кейіннен жеке тұлғаның шығындарын растауға негіз болады.

Егер азаматтардың қолма-қол ақшасы 10 000 АЕК-тен (2024 жылы бұл 36 920 000 теңге) асатын болса, бұл қаражатты 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін банктік шоттарға салу қажет.

ЖАҢА 2025 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ТЫНЫШТЫҚ ПЕН БЕРЕКЕГЕ БАСТАУШЫ

Әр жыл жануар атымен аталып, өзінгі мінез бен қасиетке ие деп есептеледі. Солардың бірі – Жылан жылы, ол күрделілігімен, жұмбақтылығымен және өзгерістерге толы кезеңдерімен танымал.

Жылан жылы – қазақ дәстүрінде ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы. Бұл жылды қазақтар ерекше құрметтеген, өйткені жылан табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде танылған.

Мінез-құлық: Жылан – суыққанды, бірақ ақылды, сабырлы, кейде тіпті құлыққа бейім. Мұндай қасиеттер жылан жылында туылған адамдарға да жатқызылған.

Кезеңнің сипаты: Жылан жылы тыныштық пен сақтықты қажет етеді. Бұл жылы басталған істерде асығыстыққа жол бермеу маңызды.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЫЛАНҒА ҚАТЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ
Киелі жануар. Жыланды қазақтар киелі деп есептеген. Оның үйге кіріп келуі жақсылықтың немесе үйі меніне байлықтың белгісі деп түсінген. Жыланға зиян келтіру – жаманшылық шақырады деген наным бар. Үйге кірген жыланға ақ құйса, ол бейбіт жолмен адамдарға зиянын тигізбей шығып кетеді деген түсінік қалыптасқан.

Қорғаушы рух ретінде. Кейбір нанымдар бойынша, жылан адамды бөле-жаладан қорғайтын киелі күштің белгісі болған. Жыланның бейнесін ою-өрнекке түсіру арқылы үйге қауіп

төнбейді деп сенген.

Жылан шаққан адамның ерекше қабілеті. Қазақтар жылан шаққан адамның өмірі өзгереді деп есептеген. Оған ерекше рухани қасиеттер даруы мүмкін деп сенген.

Жыланның табиғи белгісі. Жыланның суық әрі жұмбақ мінезі оның табиғаттың құпияларын бойында сақтайтынын білдіреді деп сенген. Бұл оның даналығы мен интуициясының белгісі ретінде көрініс тапқан.

ЖЫЛАН ЖЫЛЫН ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛУ КЕРЕК?

Бүгінгі таңда Жылан жылы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге дайын болуды меңзейді. Бұл жыл адамға өз өмірін қайта қарап, жаңа жоспарлар құруға мүмкіндік береді.

Жылан жылы қазақ халқы үшін тек жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең. Бұл жыл сабырлық пен ақылмен әрекет етуге шақырады, ал қиындықтардан сабақ алудың және жаңа деңгейге көтерілудің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Жылан жылы келгенде қазақ халқы үмітпен, сақтықпен және жаңа бастамаларға дайындықпен қарсы ала берсін.

Жылан жылы көбінесе



тұрақтылық, үйлесім, даналық пен ішкі тыныштықты алға қояды. Дәстүрлі нанымдарда жылан жылы өздігінен қауіп төндірмейді. Тек адамдарды ойлану әрекет етуге шақырады. Егер сіз жылан жылында жаңа жетістіктер мен рухани өзгерістер күтсеңіз, бұл уақыттың энергиясын дұрыс пайдалану маңызды деп есептеледі.

ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Жылан жылы қазақ тарихында маңызды оқиғалармен есте қалған. Бұл жылдар әдетте үлкен өзгерістер мен сынақтарға толы болған. Алайда, қиындықтарды еңсеру арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылған. Қазақтар Жылан жылы қиыншылықтарға қарамастан, осы кезеңді бейімделудің және жаңарудың уақыты деп санаған.

Белгілі тарихи жылдарда Жылан жылы маңызды бетбұрыстардың уақыты болған, бұл ұлт үшін сабақ алатын кезең ретінде қарастырылған.

НАЗАРҒА АЛ!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа жылдық демалыс кезіндегі сақтық шаралары:

- ▶ балаларды үйде жалғыз қалдырмаңыз;
- ▶ сіріңкелерді, оттықтарды балалардың қолы жететін жерде қалдырмаңыз;
- ▶ балаларға қараңғы уақытта, үйден алыс жерде жүруге рұқсат бермеңіз;
- ▶ оларға газ плитасын, пешті өз бетінше пайдалануға, электр құрылғыларын, соның ішінде электр гирляндасын қосуға рұқсат бермеңіз;

Балаларға қауіпсіз мінез-құлық туралы айтыңыз, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға байланысты барлық жағдайларда үлгі болыңыз!

Балалар мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бекітіңіз:

- ▶ сіріңкемен ойнауға болмайды;
- ▶ электр құрылғыларын өз бетінше қоспасын;
- ▶ тұрмыстық химиялық заттардан, әсіресе аэрозольдерден бос бангалар мен құтыларды отқа тастауға болмайды;
- ▶ бензин және басқа жанғыш заттармен ойнауға болмайды;
- ▶ өрт кезінде ешқашан жасырынбаңыз;

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Жаңа жылдық мерекелер – балалар мен ересектер үшін тамаша уақыт. Әрбір үйде әдемі шырша орнатылып, безендіріледі. Бенгаль оттары мен отшашулар тек қуаныш әкеліп қана қоймай, жарақат пен күйікке әкелуі мүмкін. Бұл күндерді қиындыққа душар етпеу үшін өте қарапайым өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға ерекше назар аудару қажет.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

▶ Балалардың қауіпсіздігі ата-аналарының қолында.

▶ Әр бала өзінің мекенжайы мен үй телефонының нөмірін білуі керек.

▶ Балалар «101» және «112» телефон нөмірін жатқа және шұғыл қызметтеріне қоңырау шалуды білуі қажет.

ШЫРШАНЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ОРНАТУ КЕРЕК?

▶ Шырша (табиғи немесе жасанды) бөлмеде еркін жүруге кедергі келтірмейтіндей және басқа бөлмелерге өтуге кедергі болмайтындей етіп орнату керек.

▶ Шыршаны жылыту батареяларынан алыс орнату керек.

▶ Орнату кезінде шыршаны мықты бекіту керек.

▶ Шыршаның жоғарғы жағы төбеге тірелмеуі керек.

▶ Шыршаны жеңіл жанғыш ойыншықтармен, сондай-ақ жанып тұрған шамдармен безендіруге болмайды.

▶ Шыршаның астына мақта жүнін қоюға болмайды.

ШЫРШАНЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

▶ Электр гирляндасын дүкендерден сатып алу ұсынылады.

▶ Электр гирляндасын сатып алғанда, сапа сертификаттың болуын және оның жарамдылығын тексеру қажет.

▶ Электр гирляндасын қоспас бұрын, оған қоса берілген пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысу қажет.

▶ Электр гирляндасы бірінші рет қолданылмаса да, оны қоспас бұрын сәндік электр элементтерінің дұрыстығын тексеру қажет.

▶ Электр гирляндасын балалар үшін қауіпсіз деңгейде бекіту керек.

▶ Электр гирляндасын ұзақ уақыт қосулы қалдыруға болмайды.

▶ Балаларды жұмыс істеп тұрған электр гирляндасының жанында бақылаусыз қалдыруға болмайды.

ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАНДАЙ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛУ КЕРЕК?

▶ Пиротехникалық өнімдерді дүкендерден сатып алу ұсынылады.

▶ Пиротехникалық өнімдерді сатып алу кезінде сапа сертификатты тексеру қажет.

▶ Пиротехникалық бұйымдарды қолданар алдында оларға қоса берілген қолдану жөніндегі нұсқаулықпен танысу қажет.

▶ Ақуалары бар пиротехникалық өнімдерді қолдануға болмайды – майысқан, дымқыл және т. б. қаптаманың тұтастығы бұзылған жағдайда.

▶ Пиротехникалық өнімдерді тұрғын үйде-пәтерлерде немесе балкондарда қолдануға болмайды.

▶ Отшашу фейервергтерін қалтада алып жүруге, оларды отқа лақтыруға, бөлшектеуге және қандай да бір механикалық әсерге ұшыратуға болмайды.

▶ Пиротехникалық өнімдерді жылыту құрылғыларынан алыс және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Талдықорған қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі комиссиясы

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Осы ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.

Тапсырыс №1396 Индекс 65771

Талдықорған

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.